

1 Банковское дело: учебник / под ред. д-ра экон. наук, проф. Г. Г. Коробовой. - изд. с изм. - М.: Экономика, 2006. - 766 с.

2 Стуков Л. С. Система постоянного внутреннего мониторинга: целесообразность создания // Бухгалтерский учет. - 2004. - № 14. - С. 55-56.

7 Галанов В. А. Основы банковского дела. М.: ФОРУМ: ИНФРА-М, 2007. - 288 с.

Тусупбаева Б. С. аға оқытушы (Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

БАНКТІК ТӘУЕКЕЛДЕР КЛАССИФИКАЦИЯСЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Экономикалық әдебиеттерде банктік тәуекелдер классификациясына деген көзқарастар әр алуан болып келеді. Бұл алдымен, тәуекел теориясы аясында әрмен қарай ізденушілік үшін классификацияны пайдалану, тәуекелді жүйелендіруін өткізудегі мақсаттары мен міндеттер жиынтығының бар болуымен шартталынған.

Банктік іскерліктің спецификалық ерекшелігі, банктер өздерінің қызметтері мен функцияларын іске асыру барысында, тәуекелдің әр алуан біршама түрлерімен соқтығусуы болып табылады. Бір жағынан, банк коммерциялық ұйым, сондықтан оған көптеген кәсіпкерлік тәуекелдер тән. Екінші жағынан, банк – бұл қаржылық институт, сондықтан қаржы нарығындағы делдалдық іскерлікпен байланысты қаржылық тәуекелдерді өз мойнына алады. Осылайша:

- коммерциялық кәсіпорын сияқты банкке тән, тәуекелдер кешені түрінде келетін банктік тәуекел туындайды;

- банктік тәуекелді, оның іскерлігіндегі және сыртқы ортадағы анықсыздығымен байланысты, банктің жоғалтуларының ықтималдығы түрінде айқындауға болады [1].

Банктік тәуекелдердің барлық әр алуандылығының түсіну үшін, оның классификациясын құру қажет. Ал классификациясы пайдалану мақсаты мен егжей-тегжейлі тереңдігіне байланысты ерекшелінеді.

Біздің ойымызша, банктік тәуекелдердің анағұрлым мазмұнды классификациясы Питер С. Роузбен ұсынылған, мұнда коммерциялық банктің 6 негізгі және 4 қосымша түрі көрсетілген. Негізгі түрлері: несиелік, теңсіз өтімділік, нарықтық, пайыздық, пайда ала алмау тәуекелі және төлемқабілетсіздік тәуекелдері.

Банктік тәуекелдердің экономистермен ұсынылған көптеген классификациясы бар: А. Г. Грязнова, А. М. Тавасиева, О. Л. Рогова, А. В. Молчанова, В. А. Москвина, О. А. Кондинская, И. В. Пещанская, В. Т. Севрук, Г. Г. Коробова, И. А. Новикова және т. б. [2].

Кесте 1

Коробова Г. Г. ойынша банктік тәуекелдердің құрлымы

Банктік тәуекелдер құрлымы		
Сыртқы		Ішкі
Өтімділік тәуекелі	Сәттілік тәуекелі	- жекеше түрлер тәуекелдері
- несиелік	- салалық	- құрлымдық-процессуалдық тәуекелдер
- нарықтық	- елдік	- материалдық-техникалық тәуекелдер
- қаржылық	- пайыздық	
	- валюталық	
	- басқасы	

Лаврушин О. И. банктік тәуекелдер классификациясының негізін құрайтын анағұрлым маңызды элементтерін бөліп көрсетеді:

- банктің типі/түрі;

- банктік тәуекелдердің әсері/туындауы;
- банктің клиенттер құрамы;
- тәуекелді есептеу әдісі;
- банктік тәуекел дәрежесі;
- уақыт мезетіндегі банктік тәуекелдің бөлнуі;
- банктік тәуекелді басқару мүмкіндігі/құралдары.

Жоғарыдағы аталған критерийлерге Коробова Г.Г. келесі элементтерді толықтырады:

- тәуекелді есепке алу сипаты;
- реттеу әдістері [3].

Банктік тәуекелдер классификациясының анағұрлым қарапайым түрі кестемен біріктірілген, ол кестені қарастырылатын жағдайға байланысты тәуекелдің мәнділігінің дәрежесі бойынша қайта құруға, сонымен қатар жаңа элементтерімен толықтыруға болады. Банктік тәуекелдердің жалпыланған классификациясы кестеде көрсетілген.

Кесте 2


Банктік тәуекелдердің жалпыланған классификациясы

Бөлу белгісі	Классификациялық топтары	Бөлу белгісі	Классификациялық топтары
Уақыт бойынша	-ретроспективті тәуекел -ағымдағы тәуекел -келешектік тәуекел	Тәуекел деңгейі	-макродеңгейдегі тәуекел -микродеңгейдегі тәуекел
Дәрежесі (деңгейі) бойынша	-төменгі тәуекел -бірқалыпты тәуекел -толық тәуекел	Адами іскерлігіндегі қатынастар жүйесіндегі тобының біреуіне қатысылығы бойынша	-экономикалық -саяси -құқтық -табиғи апаттар
Пайда болу аясы бойынша	-ішкі тәуекел -сыртқы тәуекел	Әрекет тұрақтылығының дәрежесі бойынша	-жүйелінген -жүйеленбеген
Мүмкін нәтижеге байланысты	-таза тәуекел -спекулятивті тәуекел	Сақтандыру мүмкіншілігі бойынша	-сақтандырылатын -сақтандырылмайтын
Тәуекелдің әрекет ету аясы мен масштабы	-елден келетін тәуекел -банктің бір іскерлік түрімен байланысты тәуекел -қаржылық жауапкершілік орталықтарының іскерлігімен байланысты тәуекел -банктік операциялардан келетін тәуекел, соның ішінде: жекеше тәуекел, жиынтық тәуекел	Банктік операциялар сипаты бойынша	-активті операциялар -пассивті операциялар -баланстан тыс операциялар тәуекелі
Операциялар түрлері бойынша	-несиелік -валюталық -инвестициялық -лизингтік -факторингтік және т.б.	Клиенттік база құрамы	-ірі, орташа және кіші клиенттерден келетін тәуекел -клиенттердің салалық құрлымынан келетін тәуекел: өнеркәсіп, сауда, несиелік ұйым, жеке тұлға

Банктің даму тұрақтылығын қамтамасыз ету дәрежесі	-балансталынбаған өтімділік тәуекелі -пайыздық тәуекел -табыстылық жоғалту тәуекелі -бәсекеқабілетті жоғалту тәуекелі -капиталдық база тәуекелі -тәуекел-менеджмент	Банктің түрі	-маманданған банк тәуекелі -салалық банк тәуекелі
---	--	--------------	--


Маңызды сұрақтарының бірі, классификация қандай мақсаттар үшін қолданылады. Банктік тәуекелдерді зерттеудегі ең бастапқы итермелейтін себептің бірі – оларды басқара алу мүмкіндігі болып табылады. Сондықтан да классификация, біріншіден, менеджменттің талаптарын қанағаттандыру керек. Одан басқа, тәуекелдің тығыз өзара байланыстылығына және олардың сан алуандылығына байланысты болғандықтан, классификацияның көрнектілігі мен функционалдылығын бұзбай отырып, олардың ойланған егжей-тегжейлігі қажет [1].

Банктік тәуекелдердің көпдеңгейлі классификациясын қарастырайық, суреттік кескінің 1 суреттен көреміз.



Сурет 1 Банктік тәуекелдердің көпдеңгейлі классификациясы

Новиков И.А., Севрук В.Т. классификацияларының қолданыстары анағұрлым тиімді, олардың ерекшелігі тәуекелдің жекеленген түрлерін қамтитын тәуекелдің нақты жүйесін құру болып табылады. Оның негізі ретінде сыртқы және ішкі деп бөлнуі алынған [4].



Сурет 2 Севрук В.Т. бойынша банктік тәуекелдер классификациясы

Мұның барлығы тәуекелдерді бөлуге мүмкіндік береді: банктен тысқары туындайтын және оның операциялық іскерлігіне әсер ететін тәуекелдер немесе банктің өзінің «өндірістік» іскерлігін асыру барысында банктің ішінде пайда болатын тәуекелдер[5].

Кесте 3

Новиков И.А. бойынша банктік тәуекелдер классификациясы

БАНКТІК ТӘУЕКЕЛДЕР	
СЫРТҚЫ	ІШКІ
ЖАРТЫЛАЙ БАСҚАРЫЛАТЫН 1. Банк ориентация тәуекелі 2. Банк клиенттерінің тәуекелі 3. Контрпартнер тәуекелі	ӘКІМШІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕР 1. Стратегия тәуекелі 2. Құрлым тәуекелі 3. Басқару тәуекелі 4. Үнталандыру тәуекелі 5. Кадрлық тәуекел 6. Қасақана қолдану 7. бақылау тәуекелі ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР /1/қаржыландыру тәуекелі /2/өтімділік тәуекелі /3/диверсификация тәуекелі /4/операциялар түрлері бойынша тәуекелдер /5/сауда тәуекелі /6/баланстан тыс операциялар тәуекелі /7/табыстылық азаю тәуекелі
БАСҚАРЫЛМАЙТЫН 1. саяси 2. жалпыэкономикалық 3. табиғи апаттар тәуекелі 4. елдік тәуекел 5. депозиттік тәуекел /8/	
6. несиелік тәуекел /9/ 7. валюталық тәуекел /10/ 8. пайыздық тәуекел /11/ 9. инвестициялық тәуекел /12/	ОПЕРАЦИОНДЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР 1. ұйымдастырушылық тәуекел 2. ақпараттық тәуекел 3. персоналмен байланысты тәуекел 4. техниканы қолданумен байланысты тәуекел

Американдық тәжірибеде тәуекелдің келесі типтерін бөліп көрсетеді:

- баланстық есеп беру тәуекелі (қаржылық тәуекелдер): несиелік, өтімділік, пайыздық, капитал құрлымы тәуекелі (левередж);
- қаржылық қызметтер тәуекелі (өткізу тәуекелдері): операциялық, технологиялық, инновациялық, стратегиялық тәуекелдер;
- сыртқы тәуекелдер: макроэкономикалық, бәсекелік, заңдылық тәуекелдер (құқықтық) [3].

Тәуекелді басқарудың Батыс тәжірибесіне қарағанда көршілес Ресейде тек 2004 жылы ғана РФ Орталық Банкпен (РФОБ) 23 маусымның 2004ж. №70-Т «Типтік банктік тәуекелдер туралы» хаттамасы түрінде нұсқаулығы шықты. Мұнда тәуекелдің 10 тобы көрсетілген: несиелік, елдік, нарықтық, қорлық, валюталық, пайыздық, өтімділік, құқықтық, іскерлік беделін жоғалту тәуекелі мен стратегиялық.

Одан басқа, РФОБ коммерциялық банктерге 3 негізгі деңгейде тәуекелге бақылау жүргізуге ұсынды: жекеше (қызметкер деңгейі), микро- және макродеңгейлері.

Банктік тәуекелдердің деңгейлер бойынша көрнекті ұқсас теоретикалық классификациясын Пещанская И.В. көруге болады [6].

Батыс компанияларының тәуекел-менеджерлері өз тәжірибелік іскерлігіндегі нұсқаулыққа алатын негізгі құжаттар, банктік қадағалау бойынша Базель комитетімен құрастырылған және «Банктік қадағалау принциптері» деп аталынады. Берілген құжат 25 принципті қамтиды, олардың іске асырылуы тиімді банктік қадағалауын қамтамасыз етуінің жағдайын жасаудағы азғантай қажеттілігі танылды.

Кесте 4

Пещанская И.В. банктік тәуекелдерінің құрлымы

Тәуекелдер деңгейі	Тәуекелдер түрлері
Жекеше деңгей тәуекелі (қызметкер деңгейі)-	- құндылықтардың ұрлануы - банкке зиян әкелетін мәмлелер мен операцияларды өткізу және осы операцияларды жасыру - көлеңкелі немесе криминалды экономикамен коммерциялық өзарақатынастарға банкті тарту
Микродеңгей тәуекелі – басқарушылық аппаратпен қалыптастырылатын шешімдерінің капитал азаюы мен өтімділік тәуекелі	-кредитный риск -страновой риск и риск неперевода средств -рыночный риск -процентный риск -риск потери ликвидности -операционный риск -правовой риск -риск потери репутации банка
Макродеңгей тәуекелі – банкке қатысты сыртқы деп танылатын іскерлік жағдайының макроэкономикалық және нормативті-құқықтық тәуекелдері	- отандық және халықаралық қаржылық нарықтарындағы банкпен жүргізетін операциялар мен мәмлелердің банктің ағымдағы сыйымдылығы мен табыстылығына жауап бермейді - экономикалық дамуының жағымсыз жалпы және құрлымдық (салалық және аймақтық) тенденциялары -мемлекеттік экономикалық саясатының жағымсыз өзгерістері -банктік іскерлігінің отандық және шетел нормативті-құқықтық жағдайларының жағымсыз өзгерістері.

Банктік тәуекелдерің келтірілген классификациясы жалпыбанктік тәуекелдер құрамындағы жекеше тәуекелдің нақты орнын айқындауға және оның осы жүйедегі бағыныштылығын ашуға мүмкіндік береді. Банктік тәуекелдері жіктеу қажеттілігі, қандай да болмасын тәуекелдің талдаудың сәйкестендірілген әдісін таңдау және банктік жалпы іскерлігіне әсер ету деңгейі мен дәрежесін бағалау болып табылады.

Әдебиеттер

1. Управление деятельностью коммерческого банка (банковский менеджмент) / Под ред. О.И. Лаврушина. – М.: Юрист, 2003. – 688 с.
2. Остапчук К.Л. Методические аспекты анализа банковских рисков.// Бухгалтерский учет, статистика. – 2010.- №8 (69), с.198-201.
3. Банковское дело: учебник /под ред.Г.Г.Коробовой. – М.:Юрист, 2002. – 751с.
4. Севрук В.Т. Банковские риски. – М.: Дело, 1995. – 70с.
5. Стратегия управления банковскими рисками: научное издание //Новиков И.А.,Чумаченко Б.П., Шалгимбаева Г.Н. – Алматы: Каржы-Каражат, 1998. – 128с.
6. Пещанская И.В. Организация деятельности коммерческого банка. – М.: ИНФРА – М, 2001. – 319с.

**Тиштықбаева А.Ж., э.ғ.м., аға оқытушы, Артакшинова В.С.,
э.ғ.м., аға оқытушы (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда, стратегиялық аспекте, инвестиция - елдің дамуындағы барлық жинақ мәселені шешуді анықтаушы және ең алдымен экономиканы жаңғырту, тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу, ішкі және әлемдік нарықта отандық өндірістің, бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың маңызды түйіні болып табылады.

Шетелдік инвестицияларын тарту саясаты 1991 жылдан басталып, бүгінде Қазақстан Республикасы шетел инвестицияларын тарту бойынша алдыңғы қатарда. Инвестицияның құйылуы өндірістің кеңеюіне және сонымен қатар экономиканың әлеуметтік экономикалық дамуының сапалы, жаңа деңгейге шығуын қамтамасыз етеді. Қазір шетел инвестицияларын тартудың басты бағыттарына тіршілікті қамтамасыз ету салалары мен экспорт бағдарындағы өндірістер – мұнай-газ және мұнай – химия салалары, электр энергетикасы, металлургия, коммуникация және де Қазақстан дөңді дақылдар, жүн, мақта т.б. ірі өндіруші болу себепті, агроөнеркәсіп кешені жатады. Еліміздің экономикасының дамуы отандық және шетелдік инвестициялаудың тартылуымен тығыз байланысты болып келеді.

Шетел инвесторларының пікірі бойынша, Қазақстан инвестициялық салымдар жасау үшін тартымды нарық болып табылады. Біздің еліміз пайдалы қазбалар, ауыл-шаруашылығы жерлерінің қорларына және квалификациясы жоғары жұмыс күшіне бай, сондай ақ үлкен потенциалға ие, бірақ оларды тиімді қолдану үшін инвестициялық салымдар жасалуы қажет. Тікелей шетелдік инвестицияларды тарту еліміздің өндірістік тиімділігін арттыруға және жұмыс орындарын құруға қажет.

Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды ендіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін ендіруге, инвестициялық салаға жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және де рынок жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге жағдай жасайды. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді. Сондықтан да, Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту стратегиялық және тактикалық мәселелерді шешуге бағытталған объективтік қажет процесс болып табылады.

Инвестициялар деп - өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына және өндірістің басқа да салаларындағы шаруашылық субъектісіне мүліктей, заттай сондай-ақ ақша қаражаты түрінде, яғни капитал түрінде салынып ол шаруашылықты әрі қарай өркендетіп дамыту үшін жұмсалынатын шығындардың жиынтығын айтады.

Инвестиция дегеніміз - бүгінгі күні қолда бар ақшаны, мүлікті және басқа да заттарды, яғни капиталды қандай да бір өндірісті дамыту үшін жұмсап, сол арқылы